

"Қазболат-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 17 қыркүйек N 903. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.14. N 1725 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Кен-металлургия кешенін мемлекеттік реттеуді жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1287 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазболат-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясы (бұдан әрі - Компания) құрылсын.

Компанияның құрылуына байланысты қара металдар және металл өнімін өндіретін "Қазболат" мемлекеттік корпорациясы таратылсын.

2. Компания басқармасының орналасатын жері Қарағанды облысының Теміртау қаласы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

осы қаулыға тіркелген қосымшаға сәйкес мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдар мен акционерлік қоғамдардың құрамында Компанияны құру жөніндегі құрылтай құжаттарының пакетін бір ай мерзім ішінде әзірлесін;

Компанияға кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін, сондай-ақ бұрын құрылып, Компанияның құрамына енгізілген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығын беретін болсын.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды акцияландыру барысына қарай акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері, Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті өткеретін акциялардың пакеттерін қоспағанда, Қазақстан Республикасында 1993-1995 жылдары (II кезең) мемлекет қарамағынан алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіппен Компанияның иеленуі, пайдалануы және басқаруына берілсін.

4. Компания қызметінің негізгі мақсаттары мыналар деп белгіленсін:

қара металдар және металл өнімдерін өндірумен байланысты кен-металлургия, кен өндіру кәсіпорындарының, акционерлік қоғамдардың қызметін үйлестіру;

мемлекеттік органдар үшін саланы дамытудың басым және стратегиялық бағыттарының бағдарламасын әзірлеу;

металл өнімдерін өндіру, шикізат-минерал базасын дамыту, өндірісті техникалық жағынан қайта жаратқандыру және қоршаған ортаны қорғау жөнінде аса маңызды ғылыми-техникалық бағдарламаларды әзірлеу;

қаржы ресурстарының сала ішіндегі айналымын жүзеге асыру;
минералды шикізатты, оның ішінде жатып қалған, өңделуі қиын өндіріс қалдықтарын кешенді түрде пайдалануды ұйымдастыру;

өндірісті кооперациялау мен өнім жеткізуді, кәсіпорындар мен ұйымдарды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі бірлесе отырып, Компанияның кәсіпорындары өндірген өнімді экспортқа шығарудың квоталарын жасап, лицензияларын келісу, олардың сыртқы экономикалық қызметін үйлестіру;

Компанияның құрамына кіретін кәсіпорындардың басшыларын тағайындау және бекіту;

еншілес кәсіпорындар мен мекемелердің Байқаушы кеңестерін қалыптастыру, оларға өз өкілдерін тағайындау.

5. Компания бұрын құрылған акционерлік қоғамдардың басшылығын өз орнында қалдырып, олардың Байқаушы кеңестерінің құрамына өз өкілдерін тағайындасын.

6. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі Компанияның қызметін қамтамасыз ету жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдайтын болсын.

7. Компанияға "КАТЭП" Ұлттық акционерлік компаниясымен бірге Көкшетау облысындағы Сырымбет қалайы кен орнын игеру және кен шығару тапсырылсын.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті және оның аумақтық комитеті Қарағанды металлургиялық комбинатымен бірлесіп қолдағы ресурстар есебінен Компанияға қажетті қызмет үй-жайларын, техникалық құралдарды, телефон мен телекс байланысы арналарын бөлетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 17 қыркүйектегі

№ 903 қаулысына

Қосымша

"Қазболат-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясына
кіретін кәсіпорындардың
Тізбесі

Қарағанды металлургия комбинаты, Теміртау қаласы
Оңтүстік Топар мен басқармасы, Южный қала үлгісіндегі поселкесі,
Қарағанды облысы

"Металлургтұрғынұйқұрылыс" тресі, Теміртау қаласы

"Арнаулықұрылыс" құрылыс басқармасы, Теміртау қаласы

Құрылыс материалдары зауыты, Қарағанды қаласы

Жол-құрылыс басқармасы, Теміртау қаласы

"Политрик" жеңіл өнеркәсіп тауарларын шығару өндірісі, Теміртау
қаласы

Ауыл шаруашылығы басқармасы (7 кеңшар), Қарағанды облысы

"Қазгипромез" институты, Теміртау қаласы

"Қазқайтқарамет" өндірістік бірлестігі, Алматы қаласы "Қараметавтоматика"
ғылыми-өндірістік бірлестігі, Қарағанды қаласы "Қараметавтоматика" тәжірибе
зауыты, Қарағанды қаласы Қарағанды металл құрылғылары зауыты, Қарағанды
қаласы Соколов-Сарыбай кен өнеркәсібі бірлестігі, Рудный қаласы "
Қазшахтакенқұрылыс" тресі, Рудный қаласы

Кен банкі, Рудный қаласы

Алексеев доломит кеніші, Алексеевка қала үлгісіндегі поселкесі,
Көкшетау облысы

Жөндеу-механика зауыты, Рудный қаласы

"Автоматика" өндірістік бірлестігі, Рудный қаласы

Соколов жерасты кеніші, Рудный қаласы

"Элекс" кәсіпорны, Рудный қаласы

"Перцов" совхозы, Рудный қаласы

Қарағанды металл қалыптау және бортжабдықтау зауыты, Қарағанды
қаласы

"Жылуприбор" акционерлік қоғамы, Қарағанды қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК